

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:**  
**ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫ**  
**РУХАНИАДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ АЛҒЫ**  
**ШАРТТАРЫ**



# МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>I. НЕГІЗГІ БӨЛІМ.</b>	
1.1 Жеткіншек жастағы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жайындағы көзқарастар.....	9
1.2.Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу туралы түсінік.....	13
<b>II. Тәжірибелік бөлім</b>	
2.1. Жеткіншектерге адамгершілік тәрбие берудің құндылығы	
<b>III. ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	



## Кіріспе

**Тақырыптың өзектілігі:** Егемен ел болып еңсесін тіктеп, етегін жеңіл жиып, елдігін ерекшелей түскен қазақ елінің айрандай ұйыған айбынды ел болып көпке танылуы, ең алдымен бүгінгі өскелең ұрпаққа тікелей байланысты.

Ендеше, еліміздің болашағы жастар болғандықтан олардың рухани тәрбиесіне аса мән беруімізді қажет ететіні сөзсіз. Руханилық – жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал қызмет ету, қамқорлық, инабаттылық секілді сипаттар адамгершілікті айқындайды.

Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына, еңбекке, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес адамгершілік құндылықтарға негізделеді.

Адам – ең әуелі адамгершілігі мен парасатының биіктігімен көрікті.

Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады. [1, 30]



- **Зерттеу мақсаты:** Жеткіншек жастағы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдарын анықтау
- **Зерттеу міндеттері:** Алға қойған мақсатымызға жету үшін мынандай мәселелерді талдауды міндет етіп қойдық:
- Рухани-адамгершілік тәрбиесінің ерекшеліктерін тереңірек талдау;
- Жеткіншек жастағы оқушыларда қалыптасатын адамгершілік қасиеттердің ерекшеліктеріне сипаттама беру;
- Жеткіншек жастағы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің жолдарын анықтау мен оларды қалыптастыру жолдарын көрсету.
- **Зерттеу нысаны:** Жеткіншек жастағы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу үрдісі
- **Зерттеу пәні:** Жеткіншек жастағы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары
- **Зерттеу болжамы:** Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдарын көрсетіп, жеткіншек жастағы оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді оятуға болады.
- **Зерттеудің әдістері:** Ғылыми жоба мақсатына орай бақылау, пікірлесу, әңгімелесу, салыстырмалы талдау, сауалнама, жиналған материалдарды іріктеу, талдау және жүйелеу әдістері қолданылды.



- **Зерттеу жұмысының құрылымы:** Ғылыми жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
- **Ғылыми жобаның жаңашылдығы былайша баяндалады:**
- Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары анықталды.
- Жеткіншек жастағы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбие берудің маңыздылығы айқындалды.
- **Ғылыми жобаның теориялық маңыздылығы:**
- Жеткіншек жастағы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары анықталды;
- Педагогикалық және психологиялық зерттеулердегі «рухани- адамгершілік» түсінігі анықталды;
- Оқушылардың бойындағы рухани-адамгершілікті қалыптастырудың артықшылықтары айқындалды;
- **Ғылыми жобаның тәжірибелік маңыздылығы:**
- Жеткіншек жастағы оқушылар тәрбиесіндегі адамгершілік нормаларын қолданудың қажеттілігін көрсететін пікірталастар ұсынылды.
- Рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің үлгісі құрастырылды, көпшілікке ұсынылды.
- Мектеп мұғалімдерімен өткізілген сұхбат ұсынылды.
- Жеткіншек жастағы оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде ата-аналарға кеңес беру жұмыстары жүргізілді.
- **Ғылыми жоба құрудың және жүзеге асырудың кезеңдері**
- Бірінші кезеңде – зерттеу мәселесі анықталды, тақырыбы анықталды, зерттеудің нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, болжамы және әдісі анықталды. Бұл кезеңде таңдалған тақырып бойынша арнайы әдебиеттерге талдау жасалды.
- Екінші кезеңде – жоспар құрылып, жинақталған материалдар жүйеленді. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі бөлімнен, қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.



